

"ӨНЕР-ҰЛТТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ" тақырыбындағы эстетикалық пәндер апталығының аясында



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты N 131 жалпы орта білім беретін мектеп директоры Жарасова Гулжан Спандиярқызының басшылығымен 07.03.2025ж күні көркем еңбек пәні мұғалімі Нурлан Хамуович Оспанов 5"F" сынып оқушыларымен "Көркемдеп аралау. Идеяларды құру. Материалды таңдау" тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Мақсаты: өзінің тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасайды. Шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындайды. Оқушыларды "Ұлттық сазды аспаптар" әдісімен топқа бөлді. "Серпілген сауалдар" әдісі арқылы оқушылар түрлі сұрақтарға жауап берді. Мағынаны тану кезеңінде оқушыларды араның түрлерімен таныстырды, топтық, жұптық жұмыстар жасалынды. Сабақ соңында оқушылар жасаған өз туындыларына атау беріп бір-бірін бағалайды. "Ашық хат" әдісі арқылы кері байланыс жасалды. Сабақ қызықты және өз дәрежесінде өткізілді.

